

## ҰЖЫМДЫҚ ЖАДЫНЫ ТАЛДАУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ

**Арыстанбаев Асхат Нұрланұлы**

[asxat.19@gmail.com](mailto:asxat.19@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтану  
мамандығының 2 курс магистранты,  
Ғылыми жетекші – Б. Смағамбет

**Аннотация:** Мақалада ХХ ғасырдың басы мен қазіргі заманның ұжымдық жадыны зерттеген еуропалық ғалымдардың (М.Халбвакс, Я.Ассман, С.Сак) еңбектерінің мысалында философиялық ұғымдар (феноменологиялық, мәдени-тарихи және герменевтикалық) тұрғысынан ұжымдық жадыға талдау жасалады. Аталмыш талдау ұжымдық жады феноменін зерттеуге, мәдени және дәстүрлі ерекшеліктерді ұрпақтан-ұрпаққа тарату арқылы есте сақтау қабілетінің әлеуметтік идентификациясын қалыптастыруға, сондай-ақ тарихи дамудың кез-келген кезеңінде өзін-өзі тану үшін қоғамның өткен тарихын қайта қарастыру мүмкіндігіне деген қызығушылығымен байланысты.

**Түйінді сөздер:** ұжымдық жады, идентификация, әлеуметтік жады, әлеуметтік идентификация.

### Ұжымдық жады және әлеуметтік идентификация феномені

Ұжымдық жадының заманауи зерттеушісінің бірі Т.П.Емельянова ұғымның келесі интерпретациясын береді: «ұжымдық жады – әлеуметтік маңызды ақпаратты сақтау құралы, онсыз қоғамның, әлеуметтік топтардың және қоғамға кіретін жеке тұлғалардың өмір сүруі мүмкін емес.» [3] Автор әлеуметтік өзара әрекеттесудің тұрақтылығы мен тұтастығы ұжымдық жадының өнімді жұмыс істеуіне байланысты және жады дегеніміз (тұлғалық және ұжымдық) өткен оқиғалардың ізі ғана емес, сонымен қатар менталитет элементтерінің бірі екенін атап өтеді. [3]

Ұжымдық жады «қазіргі уақытта өткенді символдық реконструкциялау бойынша қоғам қабылдаған іс-шаралар жиынтығы» ретінде қоғамдағы дәстүрлер, мәдениет және жалпы көзқарастар арқылы жеке және ұжымдық идентификацияны қалыптастыруымен тығыз байланысты. [5, 17-бет]

Неміс психоаналитигі Э.Эриксон идентификация ұғымын «адамның әлемге деген қарым-қатынасының барлық қырлары және жеке тұлға ретінде оның әлемді қабылдауының бейнесі; әлемнің немесе қоршаған ортадағы жағдайдың өзгеруіне қарамастан, тұлғаның «мен» деген сезімді тұрақты иеленуі деп тұжырымдайды [7,76-бет]. Заманауи поляк әлеуметтанушысы Б.Миштал өзінің «Әлеуметтік есте сақтау теориясы» атты еңбегінде идентификацияны «адамның белгілі бір топқа өзін жатқызуы» деп анықтайды және идентификация әр индивидтің өз өмірінің эпицентрі екенін көрсетеді. [8, 37-бет] Автор тұлғалық жады маңыздылығын (ұжымдық жадының бастапқы қайнар көзі ретінде) өмірінің кез-келген кезеңінде ұжымдық жадыны толықтыратын негізгі компоненттерінің бірі екенін атап өтеді [8, 41-бет].

Ұжымдық жадыны зерттеудің онтологиялық ракурсы бұл феноменді философиялық ұғымдар - яғни, феноменологиялық, мәдени, тарихи және герменевтикалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Феноменологиялық тәсіл декриптивті сипатқа ие және бастапқы тәжірибенің (феномендердің) мәліметтерін зерттеуді қамтиды. Зерттеудің мәдени-тарихи әдісі қоғамның мәдени санасының құрылымын зерттеуге және әртүрлі тарихи дәуірлерді салыстыруға негізделген. Ал герменевтикалық тәсіл мәдени

құбылыстарды философиялық талдау призмасымен қоршаған ортаны бақылау арқылы интерпретациялайды.

Философиялық талдаудың осы тұжырымдамаларын ұжымдық жадыны зерттеумен айналысатын еуропалық ғалымдар – француз философы және әлеуметтанушысы М.Халбвакс, неміс мысыртанушысы және дін мен мәдениеттің тарихшысы Я. Ассманның, ұжымдық жады мен урбанизм зерттеушісі, түріктанушы С.Сактың еңбектерінің мысалында қарастыруға болады.

#### **Ұжымдық жадыны талдаудың феноменологиялық концептісі**

Ұжымдық жады феноменін зерттеу алғаш рет француз философы және әлеуметтанушысы М.Халбвакстың еңбектерінде көрініс тапты. Халбвакс жадының әлеуметтік қырына назар аударды және әлеуметтік контекстсіз жадыны қалыптастыру және сақтау мүмкін емес деп санайды. Кейінірек Халбвакс адамның жады тек жеке адамдардың естеліктерін ғана емес, сонымен бірге социумның ұжымдық тәжірибесін де трансляциялай алады деген қорытындыға келді. «Индивидке жадының екі түрі тән. Бір жағынан, оның естеліктері оның жеке өмірінің шеңберінің ішіне кіреді. Екінші жағынан, белгілі бір сәттерде ол жай топ мүшесі ретінде өзін-өзі ұстай алады және қоғам оны қай топқа жатқызса, сол топтың жадын әлеуметтік санасында сақтап жүреді.» [6, 73-бет]

Халбвакс «тарих» және «жады» ұғымдарының аражігін ажыратып, шекараларын бөліп көрсетті. Бұл феномендер өткен күннің сипаттамаларын әрқайсы өзінше жаңғыртатынын айтты. Жады өткен мен қазіргі уақыт арасындағы байланысты айқындаса, ал тарих олардың айырмашылығына назар аудара отырып, осылайша бұл байланысты үзеді. «Ұжымдық жады тарихпен сәйкес келе бермейді. Тарих әдетте дәстүр өзінің ақырына таяған кезде, әлеуметтік жады өшіп немесе құлдырай бастаған кезде бастауын алады. Жады әлеуметтік санадан өшпей тұрса оны фиксациялаудың қажеті жоқ. Белгілі бір кезеңнің, қоғамның және тіпті жеке тұлғаның тарихын жазу қажеттілігі олардың айналасында өмір сүрген, олар туралы ақпарат бере алатын көптеген куәгерлерді таба алмай, тарих сахнасынан әбден ғайып болған кезде ғана пайда болады» [6, 84-бет]

Ұжымдық жадының жұмыс істеу механизмі адамға тарихи оқиғаларды белгілі бір статусқа ие болдыруға, оларды моральдық рефлексия көзіне айналдыруға және қоғам үшін өтіп кеткен уақыт естеліктерінің эмоциялық тартымдылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

#### **Ұжымдық жадыны талдаудың мәдени-тарихи концептісі**

М.Халбвакстың жадыны қалыптастырудағы әлеуметтік өзара әрекеттесудің маңыздылығы туралы идеясы немістің дін және мәдениет тарихшысы Я.Ассманның еңбектерінен байқауға болады: «жалғыз өзі тәрбиеленген индивидте жады болмайды. Адамда жады тек әлеуметтену процесінде ғана пайда болады, ал жады әрқашан тек жеке адамда болса да, бұл жады міндетті түрде ұжым арқылы қалыптасады» [2, б.27]

Ассман уақыттың, идентификацияның және жадының үш деңгейін (индивидуалды, әлеуметтік, мәдени) анықтайды, сонымен қатар автор ұжымдық жадыны мәдени және коммуникативті деп бөледі. Ассманның пікірі бойынша, коммуникативті жады - , өткеннің тәжірибесінен бастау алатын және күнделікті тұлғааралық қарым-қатынас контекстінде өзектілік табатын ауызша форматтағы дәстүр. [2, 43-бет] Мәдени жады өз кезегінде, индивидтер мен әлеуметтік топтардың тәжірибесі шеңберінен тыс және есте қалар маңызды күндерде, орындарда, рәсімдерде, сондай-ақ жазбаша, бейнелеу, монументалды ескерткіштерде көрінетін формалды дәстүр.

Ежелгі өркениеттерді зерттеу негізінде Ассман мәдени жады генезисін өлім феномены және соңғы сапарға аттандыру рәсімдері арқылы түсіндіреді: «өткен туралы ұғым кеше мен бүгіннің арасындағы шекара айқындалған кезде пайда болады. Өлім - аталмыш шекараны түсіну үшін «бастапқы тәжірибе», ал қайтыс болған адамдармен байланысты естеліктер еске алу мәдениетін тудырады» [2, 75-бет]. Мәдени жады - әр әлеуметтік топ өзі және өзіндік идентификациясы туралы көзқарасты қалыптастыратын және реконструкциялайтын үздіксіз процесс.

Мәдениет социум мен адам іс-әрекетін бағдарламалайтын, әлеуметтік мінез-құлық пен қарым-қатынас нормалары мен ережелерін орнататын, әлеуметтік өмірдің қалыптастыру мен өзгеруі үшін жағдай жасаудан тұратын ажырағысыз байланыс үстінде. Қоғамның мәдени элементтері адамның қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және ұжымдық жады арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықты іске асырады.

#### **Ұжымдық жадыны талдаудың герменевтикалық концептісі**

Мәдениет кез-келген қоғам өмірінің міндетті элементі ретінде жаһандық әлемнің жағдайында ғана емес, сонымен қатар жергілікті жерде де көрініс табады. Ұжымдық жады және урбанистика зерттеушісі С.Сак қазіргі заманғы көптеген қалалар ұшырайтын және жадыға зиян келтіретін жылдам өзгерістерді атап өтеді. Урбанистикалық құрылымдар мен кеңістіктер өзгерген сайын, қоғам қалаларды қабылдаудың маңыздылығы мен құндылығын жоғалтады, бұл қалалық кеңістікке қатысты ұжымдық жадының бұзылуына әкеледі [9, 27-бет].

Автор киберкеңістіктің көмегімен қалалық кеңістік туралы ұжымдық жадыны сақтау концептін ұсынады. С.Сак ұжымдық жадының, қалалық кеңістіктің және киберкеңістіктің өзара байланысын көрсетеді, киберкеңістіктегі жады мен орынның заманауи сипатын айшықтайды, сондай-ақ нақты қалалық кеңістіктен тыс қала туралы «сыртқы» ұжымдық жадыны қалыптастырады деп санайды. С.Сак өз еңбектерінде киберкеңістікті «сандық мәдениеттің мағынасыз антиутопиясына сананы бағындыру тәсілі ретінде емес, адамдар мен қалалар арасындағы байланысты нығайту құралы» ретінде түсіндіруге тырысады. [9, 34-бет]

Әлемдік жаһандану аясында, мәдениеттер бірігуінің қазіргі тенденциясы жағдайында өзіндік идентификацияны сақтауға және ұжымдық жады жойылуының алдын алуға ұмтылу маңызды. Қоғамның ұжымдық естеліктерін сақтау социумның өз өткенін кезең сайын қайта интерпретациялау арқылы мүмкін болады, осылайша инновациялар тарихи дәстүрдің жалғасы ретінде көрініс табады. Өткен күн реорганизацияға ұшырап тұруы қажет, және қоғамға оның кез-келген кезеңінде өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беруі керек [4, 103 б.]. Неміс тарихшысы А.Ассманн өзінің «Өткеннің ұзын көлеңкесі» кітабында [1, 290 Б.] «ұжымдық жадыға толеранттылықпен қарау ережелерін» баяндайды:

- индивидтердің субъективті естеліктері мен шындықтың объективті дәйектері арасындағы айырмашылықты анықтау;

- бір кінәні екінші кінәнің есебінен ақтауға тыйым салу;

- тарихи оқиғалардың құрбандары арасында бәсекелестіктің болмауы;

- оқиғалардың инклюзивті орын алуының басымдығы;

- тұлғалық идентификацияның шеңберлерін әзірлеу;

- контекстуализация.

Шығармада автор [1, 220б.] әлі күнге дейін неміс қоғамында өз ізін қалдырған Екінші дүниежүзілік соғыс пен Холокосттың мысалын келтіреді. Осы оқиғалардың травматикалық естелігі әлемдік қоғамды өткенді еске түсіру, жасыру және ауыстыру тәжірибелерін қолдану арқылы ата-бабаларын «құрбандарға» және бұрынғы адамдардың әрекеттері үшін ұжымдық кінә сезімі бар «қылмыскерлерге» бөледі. Ассманн әлемдік қоғамды тарихи оқиғаларды қайта қарастыруға, өзара белсенді әрекеттесуге және басқа ұлт өкілдеріне толерантты көзқарасты дамыту, сонымен қатар әлеуметтік идентификацияны қалыптастыру үшін ашық диалогқа шақырады.

**Қорытынды.** Кез-келген адам - жеке адамның ғана емес, ұжымдық жадының да тасымалдаушысы. Ұжымдық жадының арқасында социум өзінің өткені туралы түсінікке ие болады, қазіргі уақыттың ішінде өзін идентификациялайды және келесі ұрпақ үшін болашақты ұйымдастырады. Ұжымдық жады арқылы қалыптасатын жеке идентификация адамдарға белгілі бір әлеуметтік топқа, мәдениетке, ұлтқа жататындығын түсінуге және қоршаған орта аясында өзін тиісті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ассманн А. Длинная тень прошлого: мемориальная культура и историческая политика / А. Ассманн; пер. с нем. Б. Хлебникова. – М.: Новое литературное обозрение, 2014. – 328 с.
2. Ассманн Я. Культурная память. Письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности / Я. Ассманн. – М.: Языки славянской культуры, 2007. – 368 с.
3. Емельянова Т. П. Коллективная память в контексте обыденного политического сознания [Электронный ресурс] / Т. П. Емельянова // Информационно-гуманитарный портал «Знание. Понимание. Умение». – 2012. – №4 (июль – август). – URL: [http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2012/4/Emelianova\\_Collective-Memory/](http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2012/4/Emelianova_Collective-Memory/) (дата обращения: 10.05.2017).
4. Лойко О. Т. Память о прошлом как ресурс социальной идентичности // О. Т. Лойко // Историческое сознание и социальная память в условиях конфликта цивилизаций: Сборник статей / Международная научная конференция. Саратов: ИЦ Наука, 2015. – С.102-105.
5. Трубина Е. Г. Город в теории: опыты осмысления пространства / Е.Г. Трубина. М.: Новое литературное обозрение, 2011. – 520 с.
6. Хальбвакс М. Социальные рамки памяти / М. Хальбвакс. Пер. с фр. и вступ. статья С.Н. Зенкина. – М.: Новое издательство, 2007. – 264 с.
7. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / Э. Эриксон. Пер. с англ., общ.ред. и предисл. А. В. Толстых. – М.: Прогресс, 1996. – 278 с.
8. Misztal B. Theories of Social Remembering / B. Misztal. – Philadelphia: Open University Press, 2003. – 200 p.
9. Sak S. Cyberspace as a Locus for Urban Collective Memory / S. Sak. Ph.D. Dissertation. – Ankara: Bilkent University, 2013. – 181 p.